

Е СІМІЗДЕ  
КАНДЫ МАЙДАН,  
ЖОРЫҚТАР

(ЕСТЕЛІКТЕР)

Кұрастырған Есет ӘУКЕБАЕВ

«КАЗАКСТАН» БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ – 1968 жыл

Бұл жинаққа Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндері, Совет адамдарының майдан мен тылдағы ерен ерліктері туралы естеліктер енгізілді. Олардағы оқиғалардың, адамдардың ойдан шығарылғаны жоқ, бәрі де болған оқиғалар, тарихта бар адамдар. Мысалы Совет Одағының Батыры, ғалым Мәлік Ғабдуллин даңқты панфиловшылардың Отанымыздың астанасы Москванды қорғаудағы ерліктері туралы айтса, ер жүрек партизандар Қасым Қайсенов пен Токтағали Жангельдин өздерінің қанды көйлек қаруластары туралы баяндайды.

Жинақ қалың оқушы қауымына арналған.

*Рабит МУСИРЕПОВ*

## **МАЙДАНШЫЛАР**

### **ЕЛ ҮШІН ТУҒАН ЕР**

Әр елдің ірге тасы қалай қаланғандығы ел басына күн туғанда көрінеді. Соғыс сияқты үлкен оқиғалардың тұсында елдік мінездер мен ерлік қасиеттері де сынға түседі. Күшенген жеңбейді, күші асқан жеңеді.

Төбеден түнек аумаса, жағадан қолдары айрылмаған сегіз ай соғыста екі жақтың да талай сырлары ашылды: темір тоны жыртылмай, танктың тасасында келе жатқанда неміс солдаты «өжет-ақ» екен, ал совет жауынгерлеріне бетпе-бет келуге жүзі шыдамайды. Әйткені неміс солдатының өлімге жаңын қиярлықтай қорғайтыны жоқ. Ол — аламан! Ол жендет рухында тәрбиеленіп, дүниеге талан-тараж үшін келген адам.

Совет жауынгері олай емес, өлімнен қорықпайды, елі мен жұртын табан тіреп қорғайды, совет жауынгерінің абройына кір жүқтүрғысы келмейді. Ол айнымас сенімде, азаматтық рухында тәрбиеленген адам. Кездейсоқ емес, шын ерлік осындай қасиеттерден шығады!

Азаматтық борышын түгел өтеп, елін ерлерше қорғап, Отан соғысының лапылдаған отының ішінде қаза тапқан ерлеріміздің бірі — Әліkbай Қосаев. Ол — дүние жүзіне даңқы жеткен атақты жиырма сегіздің бірі. Ол — Отан жүрегі Москваға шүкшія ұмтылған жау наизасын қағып сындырып, жаудың жүрегін шайып, үрейін қашырып, бетін қайтарған ерлердің бірі. Міне, алдымызда сол ердің қысқаша ғана өмірбаяны жатыр.

Өз ісіне табанды, ешкімге соктықпай, елеусіз ғана жүре беретін Әліkbайдың атағы дүние жүзіне жайылып, аты тарихта қалады деп, ешбір жақыны күтпеген сияқ-

ты. Босқа шашпай, бойға жинап берген ерлік, азамат бойына сыйя берген.

Әлікбай Еңбекшіқазақ ауданы, «Абат» колхозының адамы. Жасынан жетім қалған. Әлікбайдың иығынаи жетімдік қамытын алғып, еңсесін көтерген — Совет өкіметі. Әр босағада бір аунаумен, әркімге бір жаутаңдаумен жетім бала 12-ге толғанда жылаганның жасын тыйған, панасызға пана болған Совет құрылышы орнап еді. Әлікбайдың алған тәрбиесі, көрген өнегесі түгел өзіміздікі. Ол 1933 жылға дейін колхозда болып, оның бер жағындағы өмірі Алматыда өтеді. Аз жылдың ішінде ерекше өзгерген астанамыздың талай сұлу үйлерін, гылым ордасы болған талай институттарымызды салысады ол. Қандай ауыр жұмыстарда да қынжылуды, шаршауды білмейтін, алдыңғы қатарда озық отыратын кәдімгі жұмыскер, өнімді еңбегі арқылы жолдастарына өнеге болып отырады.

Астананы салысу — социализмді өз қолымен құрысып жату сияқты, Әлікбайдың ойында ылғи жақсы із қалдырып отырады. Аққан тер, жұмсалған күштің мағнасын жақсы білетін Әлікбай, әрбір үлкен құрылышты елінің жауға бермес, жатқа қимас байлығы деп таныған. Әлікбай оқи алмаған адам, хат танырлығынан артығы болмаған. Бірақ социализмді қолма-қол құрысқан совет азаматының саяси сенімі сол құрылышпен бірге, сол құрылыштай берік қаланған. Сондыктан оның ерлігі — елінің мінезі еді.

Әлікбай Қосаев сонғы 4 жылдың ішінде Алматыдағы мал дәрігерлік институтында әртүрлі жұмыс атқарды. Қобінесе хирургиялық клиникада санитар болды.

Әлікбайдың ерлігі ерекше маңызды. Ол совет елінің әрбір қарапайым азаматының бойында ірі ерлік барлығын көрсетеді. Біздің елде сана-сезім деген жеке топтардың ғана қолы жеткен іс емес, жаппай халықтық қасиет скенін дәлелдейді.

Атакты жиырма сегіз батырдың ерліктерін Москвада Щербаков жолдас айтса, Лондонда Шверник жолдас бүкіл дүние жүзіне жайды. Бұл ерлік дүние көрмеген алғып соғыстың мәңгі қалатын ескерткіштерінің бірі. Сол жиырма сегіздің бірі біздің Әлікбай Қосаев!

Әлікбай Алматыда қалған әйелі Сараға — «Бүгін сентябрьдің 2 күні соғысқа кірдік» деп жазып отырғанда, Ленинград қасындағы қалың ағаштың ішінде екен. Жан-

быр құйып түрған болу керек, жапырақтан сорғалаған тамшы хатқа да ізін айғыздап салыпты. Ленин қаласына төңген жаудың бетін қайтарғаннан кейін, Әлікбай Совет Одағының жүргегі Москванды қорғасты.

Москванды алу үшін фашистер бар күшін төккені жүртқа мәлім: 80-нен артық дивизия мен бронды танкты күшінің жартысынан артығын салған болатын. Жасанған жау аяңған жоқ-ты. Әрбір совет жауынгері, әрбір совет азаматы жан-тәнімен Москванды жау қолына түсірмейу үшін алысты:

— Алдырмаймыз Москванды! — деген ұран теңіздей толқып, жартастай жаңғырып, бүкіл Отанды тік көтерді.

Отанның сол жүргегі, сол Москванды қорғасып қалған ерлеріміздің бірі — Әлікбай Қосаев!

Жиырма сегіз жауынгер 50 танкты 4 сағат бойы бөгеп, ілгері бір бастырмай, жауып түрған оқ пен отты, масаның шаққанындай көрмей, өлім дегенді ұмытқан кезде, Әлікбайдың ойына не келгенін де жорамалдауға болады: ол — сүйікті Отаны, ол — туған елі, бақытты заманы, әрине. Жау танктарының темір табаны — бақшадай жайнаған сол елдің бақытын езіп кетпек еді.

Жоқ, Әлікбай ол бақшаны бастырған жоқ. Оның совет тұсындағы 20 жыл жасаған саналы өмірі бар. Бойға берік сіңген тәрбиесі бар. Ол тәрбие тасқа тамған көз жасындағы елеусіз кеуіп кете алмайды.

— «Саражан, уайымдама! Қанша жыл қолдан жасаған дүниемізге фашистер қызыққан болса, оны қорғау керек болады. Орнатуы қын ба, қорғауы қын ба — әны мен білмеймін. Бірақ екеуі де азаматтық борышымыз. Сондықтан біз қорғап қала аламыз. Бұған дау жоқ. Осылы ұмытпа, Сара!» — деді.

Әлікбай сертін орындалап, айтқанын ақтады да!

## АЛБЫРТ ЖАС

Жетпістен асқан құрметті қарт Тәшім мен ардақты ана Сүтжан үлкен ұлы Шорманды майданға аттандырған кезде, Ақай күн ұзаққа көл жағасынан қайтпайтын бала сияқты еді. Серейген бойы демесең, алғырлық пен аңғырттықтың қайсысы жеңіп шығарын ешкім білмейтін...

Екі қарт ортаншы ұлы Еренғайыпты армияға аттан-

дырған кезде албырт Ақай өзінің 18-ге таяу қалғанын да үфінды. Өмірдің мәнінен гөрі сәніне әуес балғын ой елін ең бір қастасқан жауынан сақтау сияқты азаматтық құрметті борышқа тірелді.

— Мен өз еркіммен әскерге кетейін деп ем, онсыз да шақыртылатын күнім таяу қалғандыры бөгей берді,— дейді Ақай.

— Сонда, оқтан жаңбыр, оттан топан жасағандай соғысқа әзірлігің қандай еді?

Әңгіменің бар түйіні де осында. Бұл сынға Ақай жақсы әзірленген. Ақай Алматыдағы № 12 қазақ мектебінің 8-класында оқиды. Өзгелерден бойы да биік, ойы да биік. Үлғи үздік оқып келді. Кейбір балалардай «мұғалім бүгін тапсырма берген жоқ» деп кітап бетін ашусыз тастан қаңғып кетпей үлғи оқу үстінде болатын.

Ақай осы мінезін Отан сақтау міндетіне әзірленгенде де өзгерген жоқ. Ол 15 күннен соң-ақ жас теңізші болды. Басқалардың айлап жүріп әрең өтетін программасын 15-ақ күнде өте шықты. Оның үстіне мектептегі сабағын да қалдырған жоқ. Үстірт емес, «парыз атқару» емес, екеуінде де үздік озық шабысынан танған жоқ.

Ақай «ойын ретінде» Алатаудың да талай белдеріне шығыпты. Ақайдың қалай жүзетініне Мәдениет және демалыс паркіндегі көл мен Комсомол көлі де жақсы таныс. Қазір ол шаңғы спортын өтіп жүр.

Ақайдың Отанын сақтау міндетіне әзірленудегі бір ерекшелігі — ол әйтеуір қара дүрмекпен кете бермей, барлық істегені әр кезеңің баспалдағы сияқтанып, бірден бірге өсе береді. Ол әуе шабуылынан сақтану әдістерін де елден ерекше біліп шықкан еді. Жалпыға бірдей соғыс ғылымын үйренуде де сол сарынынан жаңылған жоқ. Барлық сабактан «үздік озық» сыннан өтіп, пулеметчик болып шықты.

Бұл соғыс Қызыл Армия қатарына алынатын жастардан соғыс ғылымына жетілуді керек ететінін совет жастары жақсы біледі. Қан майданда кездесер жауың — тек қана қайсар жау, тек қана күшті жау емес, соның үстіне техника жағынан барынша әзірленген жау. Отанынды сақтау үшін бүгінгі соғыстың сырғы мен тілін жақсы білу керек. Саналы жастың ойланып, жасалған адымы болу керек.

Алыстағы майданның отты лебі ел жастарын қалай шынықтырып тастағанын жана жылда онсегізге толып,

ардақты борышты өтеуге бүгін путевка алған осы Ақайдың әзірлігінен көруге болады. Ешкім оны зорлаған жок, бар ісі өз ойының тілегінен туған. Бұл жауына кегі көп те, кешірімі жок, елінің қасиетті Отанының не тілейтінін түсінген жас елеусіз жүріп-ақ өсе берген.

— Отан — ана қанға — қан, жанға — жан! — бүкіл еліміз болып: қансырасаң, қанға батарсың, Гитлер!» деді ме? Еліміздің бұлжымас үкімі осы болса, соны орындайтын ұлдары — біздер боламыз да! — дейді Ақай. Албырт жастың аз сөзінен аргы-бергі тарихта өткен қазақ батырларының сарыны келеді. Шапса — танбас тұлпары бар, үшса — талмас сұнқары бар, жеңбей тынбас батыры бар елдің жасы айтады да мұны! Жауға бермес, жатқа қимас байлығы бар елдің жасы айтады да мұны! Корғаны берік, корғайтыны көп, корлыққа көне алмайтын елдің жасы айтады да мұны! Сол жастың бірі — Ақай Тәшімов.

## ШЕГІНБЕЛІК БІР АДЫМ Да!

Тәуке шал есік алдындағы лапаста, немересі Болатты қасына отырғызып, майдандағы баласына хат жазғызып отыр.

— Қарағым, Қазыбегім! деп жаз,— деді Тәуке шал Болатқа.

Дардай әкесіне атасының «қарағым!» дегені ерсілеу көрініп кетті де, Болат хаттың басына қысқа ғана «әке!» деді. Атасының «қарағым, Қазыбегім» дегенін бала бұрын естіген емес-ті. Алыста, ажалмен алысып жүрген баласын сағынып кеткен кәрі жүректің онаша жерде бір солқ етіп кеткенін жас Болат аңғармай қалып еді.

— Құдайға шүкір, аман-есенбіз деп жаз,— деді Тәуken, әлдене айтарын қорытып болмаған пішінмен.

Болат «құдайға шүкірге» соқпай өтіп: «атам мен әжемнің дені сау, апам биыл егіс бригадирі, былтырғы қызыл туды апам қайтып алды» деп жазды.

Сыншыл кәрі көз Болаттың көбірек бірдеме жазғанын сезе қалып:

— Сен немене түржындалп кеттің? — деді.

Болат қызарапданап:

— Құдайға шүкір дегенді жазып көрген жок едім...— деді.

— Жазып көрмесен, жаз. Сен емес, мен ғой айтып отырған.

— Жаздым...

— Жазсан, жазғы тұрғыдан бері мен де бригадирмін, деп жаз... Екшесіп келгенде, қызыл туға келін екеуміз таласып қалдық деп жаз. Ту таласта, ісіміз сында тұр, жеңіспей беріспейміз: бәйге жеңгендікі болады, осы күні бәріміз де сындармыз, аябай сыннасамыз. Шегінбейміз деп жаз.

Болат барлық бригадалардың жарыска түскенін жақсы білсе де, атасы мен өз шешесі — Кербездің туға таласып қалғандарын білген жоқ еді. Әсіресе, «келін екеуміз таласып қалдық» деген сөз балаға жатырақ көрінді де, оны жазған жоқ.

Бұл кезде Тәуке шал айтайын дегенінің етек-женін жинап болып еді:

— Елде ешкім еш нәрседен тайынбайды деп жаз,— деді Болатқа.

— Қайран күш қалпында екен, жиырма бес қайта оралды. Былтыр сен әрең тастайтын егінді биыл мен оп-оай тастап жүрмін. Егін арасына тай жасырынғандай. Машинесі орудан, кәрі әрең қағудан қажыр емес. Таймайық, тайсалмайық, шегінбейік!

Болат атасының бұл сөздеріне де қосымша жасады:

— Атам жиырма беске шықтым дейді, онысы өтірік шығар деймін. Ол жаңа, сізге қарағым деп жаз деп еді, енді сізден жас болып шыққысы келеді. Мен онысын әдейі жазбадым... былтыр жетпіс екідегі атам, биыл жиырма беске қалай шығады? Ал енді, егінді сұрапыл тастайтыны рас. Жасы қандай көп болса, күші де сондай көп екен. Атам машинасының артына ешкім шыдамағасын үлкен мұғалімді беріп еді, бүгін ол кісі қалжырап калыпты.

Тәуken ойының екінші бір шумағын айтты:

— Биыл егін екі бел әрі түскен деп жаз... Алматының мындаған балалары келіп қолғабыс істеп жүр. Аталап келіп шұрқырасқанда, бабалап келіп еркелескенде, ел үстінде бұлт бар деп, істелмейтін іс болар деп, алынбайтын қамал бар деп кім айттар? Егін бауым шөмеледей, шөмелем маядай. Жау күйінсе — у ішсін! Таңертен тенселіп тұрған егін, кешке дейін қабыма түседі. Шаршау жоқ, кәрілік жоқ деп жаз!

Кырман басындағы қоңыраудың күнгірі естілді. Бұл

жаңағы Болат жазған «Ұлкен мұғалімнің» жүртты шақырып жатқан кезі еді. Осы уақытта ол соңғы хабарларды оқып беретін.

— Шақырып жатыр гой, бол қарагым,— деді Тәукең. Содан соң өзі де асыға сөйлеп, тақпактай жөнелді:

— Қара керім дөнен шықты, топқа салар кезі осы, қасқыр кірді бір қалыңға, соғып алар кезі осы! Қалың егін теңселіп тұр, орып алар кезі осы. Жаракты жауға кездестік, енді кезек бізге тиді, ойран етер кез осы! Елде әкелер, майданда ұлдар! Жау ызасы жанға батты, на-мыстанар кез осы!

Тәукең қырман басына келгенде ұлкен мұғалім майдан хабарын айта келіп:

— Вороножде біздің әскер жаудың бетін қайтара, қырын сындыра шабуыл жасап, Дон өзенінің оң жағына шықты,— деп тұр еken. Тәукең Болаттың құлағына си-бырлап:— хаттың аяғына «шегінбелік бір адым да!» деп қос деді.

## СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ

Алатаудың әр түсінан жұлқына шыққан бірнеше асау өзендер үзай келе, ашуларын басып табысады да, Ақсу атанып бір арнамен ағып барып Балқашқа құлай-ды. Бұл өзі елеусіз өзендердің бірі болғанмен, ел басынан өткен оқиғалардың бәрінің де бір-бір түнеп өткен өзені. Талай озбыр жау обардай болып-ак ұмтылғанда, Ақсу бойы тізе бүккен емес. Ерлер жанын өлімге қып-ты, ел намысын қорлатпапты. Қара кезін жерге берсе де, жауға бермепті. Қойшы бала Нұрсұлтан елінің осы сыр-ларын ести өсіп еді.

— Әзірет Әлі деген болыпты, тегі тентек жігіт болса керек,— деп бастайтын ұлкен қойшы Сәмек шал,— тентектігі емес пе, ер Қаптагайдың елін шабуға келгені... Сақылдаған сары аяздың кезінде батыр Қабан үйдің іргесін көмсе, балалар тоңғақ болып өседі деп, қыс бойы киіз үйдің іргесін көмдірмейді еken де, өзі жататын тұ-тың киізін де түргізіп тастайды еken дейді-ау... Әзірет Әлі сол батырдың елін шабам деп келіпті...

Сәмек шал ұзақ ертегісін мың құбылтып айтып болғанда гана Нұрсұлтан демін шығарады. Әсіресе, Қаптағай Әзірет Әліні түйенің ортан жілігімен ұрып жығыпты

дегенде, жас баланың екі көзі Сәмек шалдың аузынан бір аумайды. Сәмек жылжып Шыңғысханға көшеді:

— Ойбай, ол жердің қара қыртысын жалмай келіпті. Жер қайысқан қалың қолмен Шыңғыс келе жатқанда, аталарың жабылып кетіп, Лепсі өзенін жоғарғы жақтан бұрып алғып, Ақсудың арнасына салып кеп жібергендеге, жер-көк дария болды да кетті дейді.

— Ие.

— Мұз қатар күзгі сырдалаңың кезі екен, Шыңғыстың қолы қатты апатқа ұшырапты. Қыс түсіп кетпей Қараталауға жетпек екен, Ақсу бөгеп, алты ай қысты осы арада өткізіпті. Бұл Әзірет Әлі мен Шыңғысты да көрген.

Сәмек шалмен бірге өткізген төрт жылдың ішінде жас Нұрсұлтан елінің ерлігін де көп естіп еді.

...Нұрсұлтанның барлық балалық шағы байға малай-лықпен өтті. Ол дәуірінің жас өміріне салған ізі — бетіне ерте түскен әжім сияқты. Ешкімнен жылы сөз естімей өскен бала көрінгеннен жатырқап, жан біткеннен шеттей өсіпті. Қамшы көрсе-ақ арқасына тиетіндей, ешкімге жоламапты. Әке-шешеден ерте айрылған жетім, сол сарылған құлдық күнін өлеңге айналдырып, ел құлағына зарлы әнмен шағады екен. Обырлар бітті, озбырлық та кетті. Нұрсұлтандардың иығы да босады. Жылаған-сықтағандар арман еткен панасын — Совет өкіметін тапты. Өкінішті күндер біржола өтіп, қарасы өшті де, еркін өсер еліне еңбек етер күндер жетті. Нұрсұлтанның бұл өмірі Алматыда, әртүрлі құрылым жұмысында басталды: ол еңбекте ылғи екпінді еді.

Ел басына күн туып, ер етікпен су кешер кезең келгенде, Нұрсұлтан Отанын корғауға аттанды. Қырымнан көретін қырағы көз жау жүрегін көздеуге керек болды. Екінің біріндегі ғана болып жүретін Нұрсұлтан енді қызыл жауынгер, қайраты болса көрсетер кезеңге келді: Отан үшін, кеменгер партия үшін өлер болса аяmas кезеңге келді. Отан үшін өлу ғана емес, өліп кетсе де корғап қалу керек екендігін үғынды.

Нұрсұлтан ата күші мен ана сүтін қалай ақтағанын қазір бүкіл еліміз біледі. Ол атақты жиырма сегіздің бірі. Ал, жиырма сегіз қызыл жауынгердің ерлігі әлемге жайылды. Олар фашист жандеттерін Москваға өткізбеді. Әрбір жауынгер, жау танктарын допша домалатып, ілгері аттатқан жок. Нұрсұлтанға сол күні екі танкы жа-

былды. Нұрсұлтан сол екі танкты жоқ етті. Үсті-басы арандай, оқ жаудырып, өлім егіп келе жатқан жау танктарынан ол сескенген де жоқ. Жау жолына тосылған тас кедергідей, орнынан қозғалмай жатып алды да, жау танктарын ілгері бастырмады. Отаның алып жүргегі Москваға қадалғалы келе жатқан жау найзасының үшін сындырды. Гитлердің бойын түршіктіріп бетін қайтарған ерлердің бірі біздің Нұрсұлтан Есболатов.

Қасық қаның қалғанша, соңғы демің біткеше, бар күшінді Отаның берген Нұрсұлтан, сені елің де ұмытпайды. Бүгінгі елің ғана емес, келешектегі үрпақтың есінде қалдыратын белгілерің әзірленіп жатыр.

---

*Мәлік ФАБДУЛЛИН  
Совет Одағының Батыры*

## **ЕЛ НАМЫСЫ — ЕР НАМЫСЫ**

1943 жыл. Май айының аяқ кезі. Капитан Максимовтың жертөлесінде отырмыз.

— Менде Ертай Жетенов деген жігіт бар, бізге келгелі айдан асып барады. Содан бері екі рет жауынгерлік тапсырма орындауға шықты, екеуінде де айта қаларлықтай ерліктер көрсетті. Өзінен жақсы жауынгер шығады деп үміттенем. Ертай тек жауынгер ғана емес, ол асқан әнші, қазақтың және басқа да ұлттардың неше түрлі әнін біледі. Домбырасын майдан төріне ала келген, нағыз сері жігіт. Сондықтан да оны жігіттер құрметтеп: «филармония» деп атайды,— деді капитан.

— Қазір ол жігіт қайда?— дедім.

— Осында.

— Соларға барсак қайтеді?

— Барабы,— деп капитан бізді Ертайлардың жертөлесіне алып келді. Бірақ Ертай жоқ екен.

— Жетенов қайда?

— Ол жаңа ғана далаға шыққан, сонау ағаштың қойнауында болар,— деді кіші сержант Черкасов.

Біз ағаштың қойнауына келгенде, көгалдың үстінде бас қосып отырған бір топ жігітке көзіміз түсті. Олар бізді құрметпен қарсы алды. Капитан бізге Ертайды таныстырды.

Орта бойлы, өткір қара көзді, тебіндең жаңа шығып келе жатқан мұрты бар, бүйрек бетті қара торы жігіт:

— Баянауылдың қазағы, Ертай Жетенов,— деп жауап берді.

...Сол қойнауда біз көп отырдық. Ертайдың әнін тыңдадық. Албырт жас сүйген жарын сағынғанын ескерте: «Қайда менің қара көз сүйген жарым»— деп шырқайды.

Әннен кейін оған:

— Үйленгелі көп болып па еді?— дедім Ертайға. Ол менің бұл сұрауыма мырс етіп күлді де:

— Эйелім жоқ, бойдақпын,— деді.

— Әрине, майданда жүргендердің бәрі де бойдақ. Бірақ ел жақта көз салғаның бар ма еді?— дегенім ғой.

— Соғысқа дейін оқуда болдық, үйлену дегеніңіз ойға да келменті. Ал, қазір соғыстамыз...

— Бұл әншейін бұлтағы ғой. Аlam деген қызы бар, аты Камал,— деді Ертайдың жанындағы жауынгер жолдасы Жомарт Естаев.

— Солай еді де.

— Солай. Камалдан хат келіп тұрады, оқып жүрген көрінеді. Екеуміз бір жерде окушы едік.

Бұдан әрі біз Ертаймен көп сөйлесе алмадық. Өйткені Ертайлар сол күні барлауға шықпақ болып жабдықтарын дайындауға кірісті.

Барлаушылар жауынгерлік бүйрықты орындауға кетіп бара жатты.

— Біз соғысқа дейін «Жардың көnlін қалдырма, қыз қалқатай» деп ән салушы едік. Енді сол қыздардың көnlін қалдырмау үшін, оларды шын сүйетіндігімізді жауынгерлік іспен дәлелдеу үшін аттанып барамыз,— деді Ертай қалжындал жолға шыға бере...

...Декабрь айының іші. Неміс-фашистерге қарсы шабуыл жасап бара жатқан Н. әскери бөліміне командировкаға келдім. Бұл май айында өзім келіп жеткен бөлім болып шықты.

Кешкілік мезгіл еді, жаңада ғана немістерден босатылған Н. селосының шеткі бір үйінде отырған жауынгерлерге кез болдым. Бәрі де таныс жігіттер, барлаушылар екен. Бір уақытта Естаев Жомарт кіріп келді. Амандастық.

— Ертай қайда?— дедім, амандықтан соң.

Жомарт менің сұрауымды естімегең кісішің үндемеді. Мен одан қайта сұрадым.

— Несін сұрайсыз. Шіркін... жігіттің гүлі еді ғой,— деді ол күмілжи.

— Жөнінді айтшы, не болды оған?

— Ауыр жарагы. Дос еді. Оның хабарын эке-шешесіне, Камалға қалай жазарымды білмей отырмын. Ертай жарагы болардан бір күн бұрын Камалдан хат алғып еді. Ол Камалды шын сүйетін. «Алыста жатса да мені намысқа ұмтылдыратын күшті демеу сияқты» деуші еді.

— Тоқташы, сен Ертайдың қашан және қай жағдауда жарагы болғанын айтшы.

— Сіз Ертайды бір-ак рет көрдіңіз. Оның майдандағы ерліктерін білмейтін боларсыз. Әңгімені басынан айттын,— деп Жомарт сөзге кірісті.

— Май айында сіз келгенде біз барлауға кетіп бара жаттық қой. Онда бізге: жаудың бекініс шебінен өтіп, сыртында қандай зеңбіректері, бекіністері бар екенін білу, «тіл» әкелу міндегі тапсырылған болатын. Біз осы міндегі орындауға аттандық. Он адамбыз. Бастаушымыз кіші сержант Черкасов.

Таңға жақындаған кез. Біз жаудың бекініс шебінен аман-есен арғы бетке өттік. Батпакты кеше отырып, қалың ағаштың ішімен өттік.

Ол күні біз бақылау жұмысын жүргіздік. Қай жерде жаудың қандай атыс ұясы бар екенін картаға түсіріп алдық. Тұс ауа берген кезде жаудың төрт арбакеші көрінді.

— Мына 4 арбалыны құрта қоялық. Бір-екеуі тұтынға алынын,— деді Черкасов.

— Ол дұрыс қой, бірақ үл солдаттар не біледі? Бізге жаудың сырын толық айтатын «тіл» керек емес пе? Кем дегенде бір унгер сияқты нәнді қармағанымыз жақсы болар,— деді Ертай.

Осылай сөйлесіп тұрғанда арбашылар жақында пекіл қалды. Біз жолдың он жағында, ағаш ішінде жасырынып жатырмыз.

— Ұмтыл!— деген Черкасовтың командасты естілді.

Біз атой сала лап бердік. Қаперсіз келе жатқан арбакештер сасып қалды. Алты адам екен. Түгел қолға түсірдік. Зәресі ұшқан фрицтер қарсылық көрсетпеді. Сол арада арбаларды ағаш ішіне алғып барып, оқ-дәрісін әр жерге, батпаққа көміп таstadtық.

— Аттарды қайтеміз?

— Ала кетеміз,— болды Ертайдың жауабы.

Біз алты фрицті, төрт атты алғып, келген ізімізben кейін қарай беталдық. Күн бата жаудың бекініс шебінен

өтіп шықтық. Артымыздан қуғын болған жок. Хауіптен құтылған соң біраз жүріп келдік те тоқтадық. Полкымыз да алыс емес.

— Жолдас сержант,— деді Ертай Черкасовқа,— біз міндettі орындаі алмадық па деймін?

— Неге, мыналар аз олжа ма?

— Аз емес, бірақ осы тұрған фрицтер ешнэрсе білмейді, нанбасаңыз сұрап көріңіз, қай жерде несі барын айта алар ма екен. Айта алмайды. Сондыктан менде мынадай ой бар: қайтадан кейін қайтып, ең болмағанда бір унтерді жетелеуіміз керек.

— Мұны екінші жолы істерміз. Әзірге осы да болмай ма?

— Менің қайта оралым келіп тұр. Қасыма Естаев пен Морозовты қосып беріңіз, жау тылына қайта барып көрелік. Сіздер бізді осы арада тосыңыздар,— деді Ертай өтініп.

Ертайдың бұл пікірін тыңдаған сержант «Сіздер не дейсіздер?» дегендегі Морозов екеуімізге қарады. Біз Ертайдың сөзін макұлдадық. Содан соң сержанттан рұксат алып кейін жүрдік.

Ертай алда, біз соңындағыз. Байқаймын: келе жатқан жеріміз бағанагы жер емес, одан 400 метрдей он жақта.

Біраздан соң отырып, дем алдық.

— Ананы қара. Ия сәт,— деді Ертай. Қарасақ телефон сымы тартулы тұр екен.

— Жақсы болды,— деп Ертай телефон сымын бәкісімен қиды. Енді осы араға жасырынамыз. Бұл сымды жалғау үшін фрицтер келеді. Соны тосамыз.

Көп ұзамай-ак қолдарында автоматы және бір телефон аппараты бар екі фриц келе қалды. Олар сымның үзілген жерін жалғай бергенде, Ертай орнынан атып тұрып, мойнында телефоны бар фрикті бүркіттей умаждал астына басып та үлгірді. Екіншісін Морозов жәукемдеді. Фрицтердің қару-жарағын тартып алып, қолдарын артына байладык, көмейлері орамалмен тығындалды.

Ертай телефон аппаратын сымға жалғап фрицтердің сөзін тыңдады.

— Шіркін-ай, мектепте неміс тілін оқуға мойын жар бермейтін еді, «гутен таг» деген бір ғана сөзге мәз болып жүре берген екем. Енді көрдің бе, керек болғанын. Неміспен төбелесем деп ойлаппын ба,— дейді ол.

— Мыналарды азага саламыз ба? — дедім мен.

— Ойбай-ау, бұлар бар екен ғой... Телефон арқылы естілген сөзге қарағанда, жақын жерде фрицтердің штабы болу керек. Соны андыған жөн,— деді Ертай. Содан соң фрицтерге қарап:

— Ей, штабтарың қайда? — деп сұрады. Фрицтер жауап бермеді. «Е, аузы буулы болған соң сөйлей алмай түр екен ғой?» деп ойлаған Ертай бір фрицтің аузындағы орамалды жұлып алғып еді, ол шыңғыра айқайладап жіберді. Ертай оны желкеден бір түйде де, аузына орамалды кайтадан тыға қойды.

— Уақыт өткізбейік. Фрицтердің штабы жаққа баралық. Ал мына екеуі осы арада болсын, бұлармен бірге сен қал,— деді Ертай Морозовқа.

Ертай екеуміз 500 метрдей жер жүрген соң анадай жерде біреулердің дабырлаған сөздерін естідік. Жасырына отырып сол тұсқа жақындалап бардық. Бақылап жатырмыз: үлкен жертөле маңында бір күзетші түр. Одан әрі тағы бір жертөле көрінеді. Ал, одан көрі әріректе — алтың стволды екі миномет күрулы түр. Ерсілі-қарсылы жүріп жатқан фрицтер.

— Енді не істейміз. Мына жертөленің біріне килігеміз бе? — деді Ертай.

— Онымыз ерлік болмас, әлі де бақылай тұралық,— дедім.

Әлден уақыттан бір офицер жертөледен шығып, шылым тартты. Біраз тұрды да жертөленің сол жағына қарай жүрді. Бақылап тұрмыз. Бет алысы дәретхана сияқты. Дәл осы кезде фрицтер де минометтерінен гүрсілдеп ата бастады. Ағаш іші жаңғырығып кетті.

— Бұл жақсы болды,— деді де, Ертай мойнына асқан палаткасын қолына ала берді. Сөйтті де жаңағы офицер кеткен жаққа сып бере жөнелді. Мен оның сонынан ердім. Байқасам — дәретхана дегеніміз шұңқыр, офицер сонда екен. Осы кезде Ертай оның үстіне палатканы жауып жіберді де, қапсыра құшақтай алды. Не болғанын білмеген офицер шалбарының ышқырын ұстай тұра келді. Біз оны көтерген күйі ағаш ішіне алғып кеттік. Жау минометтері атылып жатыр.

Офицерді көтеріп отырып, Морозовты қалдырған жерге алғып келдік. Бағанағы екі фрицті офицерімен қоса, барлық қару-жарагымен алдық да жөнелдік. Көтерде телефон сымын тағы үзіп кеттік.

Әрі-беріден соң Черкасовтарға да келіп жеттік. Олар бізді «Неге кешікті?» деп абыржумен отыр екен.

Тұнгі сағат 12-ден асқан мезгілде біз полк командирине тоғыз фрицті, төрт атты және бағалы мәліметті табыс еттік. Полк командирі разы болып алғыс жариялады. Әкелген мәліметтеріміз бойынша ертеңіне зеңбірекшілеріміз жаудың атыс үясын, зеңбіректерін талқандады. Айтпакшы, әкелген фрицтеріміз жаудың зеңбірек батареясының адамы болып шықты. Көп мәлімет беріпті.

Арада екі-үш күн өткен соң, дивизия командирі келіп сол күні барлауға барғандарға награда тапсырды. Ертай «Қызыл Ту» орденін, мен «Қызыл Жұлдыз» орденін алдым. Сол күннен бастап Ертайға «сержант» деген әскери атақ берілді және барлаушылар бөлімшесінің командирі болып тағайындалды.

Міне, Ертайдың көзге түскен ерліктерінің бірі осы еді. Газеттерде де ол туралы көп жазылды. Ал, бұл жөнде Ертай не әке-шешесіне, не Камалға хат арқылы ешнэрсе жазған жоқ. Неге екенін айта алмаймын.

Ертай жасаған ерліктер жазғанға үлкен бір хикая. Ол — сері еді. «Жақсы ән, жарты байлық, жанға жай» дейтін еді. Енді Ертайдың қашан және қай жағдайда жаралы болғанын айтайын.

— Осы біз отырған деревня кеше немістердің қолында болатын. Кеше кешке таман Ертай маған мынаны айтты. «Біз бүгін кешке барлауға баратын сияқтымыз. Дайындалу керек». Әдеттегі әскери тәртіп бойынша дайындалып, бүйрықты күтудеміз. Ертай менің қасыма келді. Ананы-мынаны айтысып, қалжыңдастып отырдық. Қалай басталғаны есімде жоқ, әңгіменің тақырыбы — «қыз». Сол жайында өткен-кеткен әлденелер айтылып жатыр.

— Сол достар, қазір бізді сағынатын да шығар.

— Неге сағынбасын. Қыздар жайында бір кездे «Көзімнің қарасы, көңілімнің санасы» деп кеудені кере ән шырқасақ, қазір солар үшін, сол өмір үшін соғысып, жүрген жоқпыз ба?

— Бірақ, барлық қыз жайында осыны айтуға болар ма екен?

— Адамның әртүрлі болатыны рас. Дегенмен, махабат иесі емес пе олар.

Ертай менің бұл сөзіме күлді де, өз пікірін айтты:

— Рас, адам болған жерде махаббат бар. Махаббат деген зор ұғым, оны қыз бен жігіттің төңірегінен ғана іздемендер. Сен майданда жүрсің, кәсібің немісті қыру. Ал, оны қыру үшін соғыс өнерін білуің керек. Оныз жауды жеңе алмайсың. Егер сен соғыс өнерін шын көңіліңмен сүйсеп ол да махаббат. Жазушы немесе оқымысты болу да өз мамандығын сүюге, соған махаббатын аударуға байланысты.

— Әңгіменің сарыны үгітке айналып бара ма, не мене?

— Әшейін, ойымды айтып жатырмын да. Махаббатың ең қадірлісі майданда. Сен өзінді өлімнен құтқарып алған майдандас досыңды өле-өлгенше ұмытармысың. Ол сенің ең жақсы көретін, шын сүйетін адамың болуға тиіс. Бұдан: «Жарың жақсы болса — ырысың, жолдасың жақсы болса — тынысың, бұл екеуі болмаса, көрген күнің күрісын»— деген қорытынды шығады.

Осыдан соң аз үндең отырды да, Жомарт негізгі әңгімесіне көшті.

Лейтенант Дубцов бастаған барлаушылардың алдына: қазір осы өзіміз отырған деревняда немістің қанша күші барлығын білу, «тіл» әкелу міндеті қойылды. Деревня полктың қорғану шебінен үш шақырымдай болатын. Бізге бес кісі саперлер қосылды, бір телефон ала шықтық. Егер жаудың батареясы көрінсе оны жою турасында зенбірекшілерге хабар беру және зенбірек оғына бағыт сілтеп тұру міндетін де алдық.

Кешкі ала көлеңке. Күн аздал жауып тұр. Жаумен екі арадағы жылғаның солтустік-батыс жағын өрлей, деревняға қарай келеміз.

Немістер, әдеті бойынша, біз жақ қорғану шебі алдына ракета тастап, анда-санда жарқ еткізіп тұр. Біз ол кезде жер бауырлап жата қаламыз, ракета сөне берсе, ілгері жылжимыз. Сонымен жаудың түйремелі сым коршауына да жеттік. Оның әр жерін саперлер қып үзді де жол ашты. Сол маң толған мина екен, оны да саперлер аришыды.

Әлден уақытта ракетаның жарығымен қарасак, жаудың қорғаныс шебі мен окоптары жақын екен. Бақыласак, жаудың ұзыннан-ұзын салған қорғаныс шебі жок, тек жеке-жеке атыс, пулемет, үялары, әр жерде автоматчиктері тұр.

— Жаудың негізгі күші мына деревняның маңында болу керек,— деді взвод командирі лейтенант Дубцов.— Солай бұрылайық.

Ертай бастаған бөлімше деревняның солтүстік жағын барламақ болды. Олар жүріп кетті.

Лейтенанттың айтқаны дұрыс болып шықты. Жаудың екінші шебі сол деревняның күншығыс жағында екені, ал, батыс жағында екі миномет батареясы барлығы анықталды. Осындай бақылаумен керекті мәліметтердің біразы алынды. Енді «тіл» алып қайтуымыз ғана қалды. Ал саперлер деревняға шабуыл жасай қалсак, полктың батальондары қай жермен өту керек деген мәселе мен жолды зерттеу, түрлі бөгеттерді жою, кей жердің миналарын аршу, бұл жерлерге белгі қоюмен шұғылданып, кейін қалған болатын.

Мен лейтенанттың қасындағы бөлімшеде едім (барауға үш бөлімше келгенбіз). Біз деревняның күншығыс жағындағы бір окоптан «тіл» алып шығуға аттана бергенде Ертайлар кеткен жақтан қатты атыс басталды. Пулемет, автомат дауыстары естіледі.

— Біздің жігіттер іске кіріскен екен, немістер де оларды байқап қалды, жолдастарға көмекке баралық,— деп лейтенант бізді бастай жөнелді.

Осы кезде немістер айналаны ракетамен жарқыратып жіберді, тіпті ілгері жүргізсейші. Немістер оқты жаудыруда, біздің полктың шебін минометпен ұрып тұр. Ал, біздің артиллеристер үн қатпайды, шамасы бізден телефон арқылы хабар күткен болу керек. Телефон Ертайларда болатын.

Біз ілгері жүре бердік. Немістер бізді байқап қалса керек, «берірек келсін» деген оймен оқ атпапты. Элден уақытта төрт жерден пулеметтен атып келіп берді. Жата қалдық. Үш жігіт жаралы болды. Жатқан жерімізден батысқа қарай жылжыдық. Немістер атып жатыр, ракета да жарқылдайды. Ілгері қадам басу қын.

— Шегіну керек. Ертай да бөлімшесімен шегінген болар,— деді лейтенант.

Кейін шегіндік. Жаудың қорғану шебіне жете бергенде шеткі бір атыс бекінісінен пулемет атылып жатқаны байқалды.

— Мына атыс бекінісін құрту керек,— деді лейтенант.

Гранаталарды дайындалап, ілгері жүрдік. Атыс бекінісінің алдында бір солдат күзетте тұр. Ол ту сыртынац

біздің келіп қалғанымызды байқамады. Жуков дейтін жігіт екеуміз жаңағы солдатты қолға түсірдік. Ал, басқа жолдастар граната тастап бекіністі талқандады.

Осы табыспен біз кейін қайтық. Полкқа келдік Келсек Ертайлар қайтпаған екен. Таң ата бергенде Гужва дейтін жігіт келді. Ол Ертайдың бөлімшесінде еді, оның қолынан оқ тиген.

— Немістер бізді қоршай бастады. Мен қолымнаң кеудемнен жаразы болдым. Ертайдың бүйрығы бойынша кейін кеттік. Содан келіп тұрғаным осы. Олардың халдарі қазір қандай екенін білмеймін. Мен жаразы болса да телефон сымын тартып әкеп, полкқа жалғастырдым,— деді Гужва.

Осы хабарды естіген соң лейтенант Дубцов мені ертін полк штабына келдік.

— Жақсы келдің,— деп штаб бастығы майор Максимов лейтенантты қарсы алды.

— Жаңа телефон арқылы Жетенов жағдайын айтты. Олар қоршаудан шыға алмай қалып қойыпты. Қазір жаумен қатты атысып жатқан көрінеді. «Қасықтай қалымыз қалғанша соғысамыз» деді. Және де немістердің минометтері тұрған жерді нұскалап берді.

Бір мезетте телефон шылдыр етті. Майор тындағанынан қалды.— Ия, мен Максимовпын. Оғымыз таусылды. Нешеу? Ушеу өлді, екі жаразы... Кош, бауырларым... Отаның, халқың сендерді ұмытпайды.

Майор телефонды қоя салды.

— Майор жолдас, не болды?— деді лейтенант.

— Жетеновтардың халі жақсы емес. Оқ-дәрісі біткен Жау төрт жағынан бірдей қысым жасап тұрған көрінеді. Жаудың солдаттары оларды қоршауда. Соларды жоқ үшін:— зенбіректен атындар. Оқтың біз тұрған жергілік атындар, Отан үшін біз құрбандық. Жолдастарға сәлем! «Кош» деді Жетенов.

Осыны естігенде сілейіп тұрып қалыптын. Майор телефон арқылы зенбірекшілерге хабар берді. Сол кездегі жүргім су ете түсті. Көзімнен жас та шығып кетсе керек.

Полк командирі келді. Оған майор Максимов жаңағы жағдайы айтты.

— Солай, шіркін Жетенов — ұл екен. Бүгін оны және жолдастарын наградқа ұсынындар,— деді.

Сағат таңғы алты болып қалған еді.

— Полковник жолдас, батальондар дайын! — деді майор Максимов, полк командиріне.

Біз лейтенант екеуміз тысқа шықтық. Өзіміздің орнымызға жете бергенде біздің зеңбірекшілердің атысы минут сайын үдей тұсті.

— Біздің әскер бөлімдері шабуылға шықты, — деді маған лейтенант.

Кешегі күні біздің батальондар шабуыл жасап, көптеген деревняларды босатты. Соның бірі осы деревня.

— Сонымен әңгімен бітті ме? — дедім мен.

— Жоқ. Осы деревняны босатқан екінші және үшінші батальондар еді. Біз, үшінші батальонмен бірге келдік. Немістерді қоршай ұрдық. Бізге танкистер, зеңбірекшілер жақсы көмектесті. Немістер бұл күшімізге шыдай алмай, көптеген өлі, жаралы солдаттары мен офицерлерін, толып жатқан соғыс мұліктерін тастай қашты.

Деревняға ең алдымен кіргендердің ішінде барлаушылар болдық. Мен бір топ жігітпен деревняның солтүстігіне қарай жүгіре жөнелдім. Оның мәнісі — Ертайларды кездестірем бе деген ой еді.

— Кездестірдің бе?

— Ия, кездестірдім. Деревняның солтүстігіне шықтық. Шеткі үйден асқанда снарядтардың жарылған орындарын, жүздеген апандарды, оның айналасындағы өліп жатқан фрицтерді көрдік. Олардың арасында Ертайлар жоқ. Енді не істеу керек? Бір мезетте: «ах, ах» деп ыңырсыған дауыс құлағыма шалынды. Соған қарай жүгірдік. Барсак, біздің жігіттер. Бет-аузы қан, сол қолы сынған, басы жаралы Ертайды құшақтай алдым. Ол ақырын көзін ашты да, достық сезіммен басын изеді. Онымен бірге тағы екі жігіт ауыр жаралы болып жатыр еken. Бөріне жәрдем көрсеттік. Алты жігіт қаза болған еken, оларды көмдік.

Жуков және Морозов үшеуміз Ертайды көтеріп, тазалық бөліміне әкелдік. Жарасы ауыр еken. Қансырап, есенгіреп қалыпты. Сол арада мен дәрігерге айтып, өзденемнен қан алдырып, Ертайға құйдырдым. Оның есі кіре бастады. Ертайға жасалған операция аяқталған кезде оның есі кіріп, тілге келді.

— О, дәрігер, мен өмір сүрем бе? — дейді ол.

— Эрине, Өмір сүресіз. Қеп жасайсыз, жолдас Жетенов.

Ертай қуанып кетті, жарасының ауырлығына қара мастан басын көтеріп:

— Көрдіңдер ғой. Дос жарасы сендерге де жара Жаудан кек алыңдар!— деді ол.

— Кекті аламыз!

Біз осылай отырғанда полк командирі кіріп келді. Ол Ертайдың қолын алып, «Ерлігіңе разымыз. Қөп рахмет. Батырлық еңбегің үшін үкімет саған «Кызыл Тұрденің наградқа берді» деп, Ертайдың көкрегіне екінші орденді қадады.

— Сіздерге де көп рахмет!— деді Ертай күлімдеп.

Жаралыларды машинаға отырғызып, госпитальға аттандырдық. Жаңа ғана содан келіп отырмын,— деген Жомарт әңгімесін бітірді.

---

## **ТӨЛЕГЕН ТОҚТАРОВ**

**СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1943 жылғы 30 январьдағы Указымен Ұлы Отан соғысы майдандарында неміс-фашист басқышыларына қарсы жүргізілген ұрыстарда командованиеңің жауынгерлік тапсырмаларын бұлжытпай және ерліктермен орындағаны үшін қатардағы жауынгер Төлеген Тоқтаровқа Совет Одағының Батыры атағы берілді.**

Төлеген Тоқтаров өзінің батырлық, ерлік істерімен совет халқының тарихында мәңгі өшпестей атаққа ие болды. Ол халқын, социалистік Отанын, Коммунистік партияны шын сүйген, оған жан-тәнімен берілген, өмірінің актық минутына дейін адал қызмет еткен жас қырышын, нағыз батыр еді.

Отан алдындағы азаматтық міндетін зор абыраймен атқарған Төлегенниң майдандары ерліктерін еске ала және оған бас ие отырып, оны біз бүгінгі жас ұрпаққа улгі-өнеге етеміз. Осы ретте батырдың кейбір ерліктерін айтып беруді өзімнің басты борышым деп білдім.

### **МАЙДАНҒА ДЕЙІН**

Төлеген Тоқтаров 1921 жылы Шығыс Қазақстан облысының Таврия ауданына қарасты Қарақұдық деген ауылда (қазір бұл жерде «Таврия» совхозының «Победа» бөлімшесі бар), малшы шаруаның семьясында туған. Оның әкесі Тоқтар, шешесі Жамал өз еңбектерімен күн

көргөн адамдар болды. 1929 жылы Токтар, 1933 жылы Жамал дүние салды. Кәрі әже Мұслимәнді (Токтардың шешесі), інісі Төлегенді және одан кейін туған Латипа, Хакима, Ханипа деген қарындастарын үлкен аға Фабділғұмар қамқорына алады. Фабділғұмар және оның әйелі Күләш осы бір үлкен семьяны асырап қана қоймайды, бұл балалардың оқып білім алуына да көп көңіл бөледі.

Жамал өлгеннен кейін Фабділғұмар қарамағындағы үлкен семьяны алғып, Шаманайхыға көшіп келіп, жұмысқа орналасады. Төлеген осындағы казақ мектебінде оқып жүреді.

1937 жылдың апрель айында Токтаровтың семьясы Лениногорға көшіп келеді. Төлеген мұндағы № 10 қазақ орта мектебінің жеті класын бітіреді. 1938 жылдың басында Төлеген оқуды қояды да, Фабділғұмар мен Күләштің және кәрі әжесінің қарсылығына қарамастан қорғасын заводына жұмысқа орналасады. Онда Төлеген мастер Вдовин басқаратын сменада алғашында краншы болып істейді. Ол өзіне тапсырылған жұмысты тиянакты, сапалы етіп орындал отырады. Осы сменада жүріп Төлеген комсомол қатарына кіреді.

Арада бір жылдай уақыт өтеді. Бұл кезде жұмысқа ысылған Төлеген завод жастарының алдыңғы қатарына орын алады, «екпінді, стахановшы» атанады. Ол өзі сұранып рафинад цехына ауысады, тез арада рафинадшының қыын да өнерлі мамандығын меңгеріп алады.

Рафинад цехында Төлеген өзінің еңбек сүйгіштігімен, жолдастықты жоғары бағалайтын жарқын, кішіпейіл мінезімен бірден көзге түседі. Оны аға жұмысшылар да, жастар да қатты құрметтейді. Цехтың комсомолецтері Төлегенді цехтағы комсомол бюросының секретары етіп сайлайды. Бұл жұмысты өзіне көрсетілген зор сенім деп түсінген ол жан аямай, іске кіріседі, цехтағы жастардың еңбекте алдыңғы қатарда болып, жоспарды артығымен орындал отыруы, тәртіпті болуы үшін күреседі; жұмыста үлгі-өнегені өзі көрсетеді.

Елімізге неміс-фашист басқыншыларының соғыс ашқаны естілген сағатта Төлеген заводтың комсомол үйіміна арыз береді, «әскер қатарына алдыруын» өтінеді. Оның өтініші қабылданады да Төлеген және заводтың басқа да көптеген жастары қас жауға күресу үшін әскери сапқа тұрады.

Біраз уақыт тылдағы әскер бөлімінде болып, азды-